

## Хаттама № 2

А.С.Пушкин атындағы орта мектебінде 2024 жылдың 28 мамырында қамқоршылық кеңесі болып өтті.

Қатысқаны – 9;

Қатыспағаны – 0;

**Күн тәртібінде:**

1. Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу; (УИ: Ебжасаров Т)
2. Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру; (МДТДЖО: Сәмиева Г.Т.)

**Тындалды:**

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша участекелік полиция инспекторы Т.Ебжасаров 2023 – 2024 оку жылының II жарты жылдығы бойынша жоспарлы түрде жұмыстар жүргізілгенін баяндады. Биылғы оку жылы бойынша Байғанин аудандық II бөлімінде есепке тіркелген, өгей ата – ана мен тұратын, қамқорлығынсыз қалған, мектепшілік есепке алынған, діни бағытта жүрген білім алушылар тіркелген жоқ. 12 – 16 ақпан аралығында «Занды білу – заман талабы» атты құқық апталығының іс – шаралар жоспары құрылыш, «Жасөспірім - Заң – Қауіпсіздік», «Зорлық – зомбылыққа қарсымыз», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық қылмыстарының алдын - алу», «Занды білу – заман талабы» тақырыптарында апталық жұмысы жүргізілді.

«Құқық бұзушылықты болдырмаудың алдын - алу» барысындағы іс – шаралар жоспарына сай «Занды білу – заман талабы» атты құқық апталығы аясында «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық қылмыстарының алдын – алу » тақырыбында жоғары сыйнап ата – аналары жиналышы, «Тұнгі қаладағы балалар» рейд жұмысы және Ақтөбе облысының білім басқармасының 2024 жылғы 29 қаңтардағы №01-14/298 санды хатына сәйкес Синтетикалық есірткінің және нашақорлықтың алдын – алу бойынша жоғары сыйнап оқушылары аралығында және ата – аналар арасында «Вейп – денсаулыққа өте қауіпті!» тақырыбында презентация, бейне көрсетілімдер ұсынылыш, ақпараттық – түсінік жұмыстары жүргізілді.

«Қаупсіз жол!» акциясы барысында бастауыш буын оқушыларына «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында ауылдық участекелік полиция инспекторы Т.Ебжасаровпен кездесу өткізіліп, оқушыларға ақпараттық – түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Ақтөбе облысының білім басқармасының 29.02.2024 жылғы № 01 – 14/611 санды хатына сәйкес жол көлік оқиғаларының алдын – алу және қозғалысы ережелерін сақтау мақсатында участекелік полиция инспекторы Т.Ебжасаровтың қатысуымен жоғары сыйнап оқушылары арасында «Қауіпсіздік – басты міндет», орта буын оқушылары арасында «Жол қауіпсіздігін сақтаймыз», бастауыш буын оқушылары арасында «Бала және бағдаршам» тақырыптарында сыйнап сағаттары өткізілді.

2023 – 2024 оку жылының аяқталуына орай 24 – 27 мамыр күндері аралығында, мектеп бітірушілердің қозғалысын бақылау және кәмелетке толмағандар арасындағы

құқық бүзушылықтың алдын – алу мақсатында түнгі кезекшілік кестесі құрылып, түнгі рейдтік жұмыстар жүргізілді.

## Тындалды:

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Сәмиева Г.Т. Оқушылардың жазғы демалысын, бос уақытын тиімді үйымдастыру мақсатында «Жалын - 2024» мектеп жанындағы жазғы демалыс лагері жоспарланып өз жұмысын бастамақ. Лагерь екі ауысымда өтеді. Бірінші ауысым – 03.06. – 19.06. аралығында өткізілсе, екінші ауысым – 24.06. – 10.07. кундері өткізіледі.

«Жалын - 2024» жазғы демалыс лагеріне 1 – 10 класс аралығында 139 окушы қамтылмақ. Бірінші ауысымға 78 окушы, оның әлеуметтік санатына байланысты 24 окушы ыстық тамақпен қамтылса, 54 окушы ыстық тамақсыз. Екінші ауысымға 61 окушы ыстық тамақпен қамтылмайды. «Жалын – 2024» жазғы демалыс лагерінің жоспары құрылып, жауапты маман С. Мадиярқызы бекітілді. Жалпы жоспар бойынша әр түрлі форматтағы іс – шаралар жүргізіледі.

Ақтөбе қаласының сыртындағы «Әсем» лагеріне жаздық жолдама бойынша 3 оқушы ұсынылды. Уздік оқушы Көшербай Ақпейіл, аз қамтылған отбасы санатына жататын Өтегенқызы Альбина және көп балалы санатына жататын Тұралы Жамал 11 шілде мен 20 шілде аралығында барады.

## **Қамқоршылық кеңес шешімі:**

1. 2023 – 2024 оқу жылындағы II жартыжылдықтың қамқоршылық кеңесінің жұмыстары одан әрі жандандырысын;
  2. Жоспардағы іс – шаралар мерзімге сай орындасын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы Е.Алмышев

Кеңестің хатындық макеттерінде көрсетілген Г. Оразова

